

Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 қарашадағы № 494-IV Заңы

2011 жылғы 19 мамырда Минскіде жасалған Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарт ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ

Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы ШАРТ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы ,

өздері құрған Кеден одағына қатысушылар БОЛА ОТЫРЫП,
Тараптардың үйлестірілген шарттарда бұдан әрі ДСҰ деп аталатын Дүниежүзілік сауда ұйымына тез арада қосылуға ұмтылысын РАСТАЙ ОТЫРЫП,

Тараптардың әрқайсысының ДСҰ-ға мүшелігі олардың халықаралық сауда жүйесіне интеграциялануын тереңдету және ДСҰ шеңберінде қағидалар мен міндеттемелерге сәйкес Кеден одағының тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай ж а с а й т ы н ы н М О Й Ы Н Д А Й О Т Ы Р Ы П ,

Тараптардың үшінші елдерге қатысты сауданы дамыту және инвестициялар тарту мақсатында сауда режимдерін біріздендіру мен біркелкі қолданудың қажеттілігі мен артықшылықтарын Р А С Т А Й О Т Ы Р Ы П ,

ДСҰ-ға қатысушылардың құрамы мен халықаралық сауданы реттеу мәселелерін қамтуы бойынша оның жан-жақты сипатын ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,

ДСҰ-да белгіленген ДСҰ-ның құрылуы туралы Марракеш келісіміне (бұдан әрі ДСҰ келісімі деп аталатын) сәйкестігіне қатысты оның мүшелеріне қойылатын жоғары талаптарды, сондай-ақ әрбір мүшесі қабылдаған міндеттемелерін АТАП ӨТ Е О Т Ы Р Ы П ,

ДСҰ келісімінің түпмәтінінде Кеден одағы Тараптарының сауда режимдерін түсіндіру қажеттілігін М О Й Ы Н Д А Й О Т Ы Р Ы П ,
төмендегілер туралы келісті:

1. Тараптардың кез келгенінің ДСҰ-ға қосылған күнінен бастап ДСҰ келісімінің ережелері, осы Тараптың ДСҰ-ға қосылуы туралы оның ДСҰ-ға қосылу шарты ретінде қабылданған және оларды реттеу бойынша өкілеттік Кеден одағы шеңберінде Тараптар Кеден одағының органдарына берген құқықтық қатынастарға және Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдерде реттелген құқықтық қатынастарға жататын міндеттемелері кіретін Хаттамада анықталғандай, Кеден одағының құқықтық жүйесінің бір бөлігіне айналады. Бұл ретте, ДСҰ-ға бірінші қосылатын Тарап басқа Тараптарға оның қосылу шарты ретінде Кеден одағының құқықтық жүйесіне өзгерістер енгізуді талап ететін міндеттемелерді хабарлауға және оларды қабылдауға қатысты іс-әрекеттерді үйлестіруге міндетті.

2. Мұндай Тараптың ДСҰ-ға қосылу кезінен бастап Кеден одағының Бірыңғай кеден тарифінің ставкалары ДСҰ келісінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Тараптың ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Тауарлардың нарыққа қолжетімділігі бойынша басқаға беру мен міндеттемелер тізбесінде көзделген импорт тарифінің ставкаларынан аспайды.

3. Басқа Тараптың кейіннен ДСҰ-ға қосылуы кезінде оның ДСҰ-ға қосылу шарты ретінде қабылданған, оларды реттеу бойынша өкілеттік Кеден одағы шеңберінде Тараптар Кеден одағының органдарына берген құқықтық қатынастарға және Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдерде реттелген құқықтық қатынастарға жататын міндеттемелері де Кеден одағының құқықтық жүйесінің бір бөлігіне айналады. Бұл ретте ДСҰ-ға қосылатын Тарап басқа Тараптарды оның қосылу шарты ретінде Кеден одағының құқықтық жүйесіне өзгерістер енгізуді талап ететін міндеттемелерді хабарлауға және оларды қабылдауға қатысты іс-әрекеттерді үйлестіруге міндетті.

4. ДСҰ-ға қосылу процесінде қол жеткізілген Тараптардың импорттық баж ставкалары бойынша келіссөздердің ортақ нәтижелерінің арасында өзгешеліктер болған жағдайда, мұндай Тараптар импорттық баж ставкаларын үйлестіру мақсатында шұғыл түрде өз араларында консультациялар өткізеді және қысқа мерзімде осындай алшақтықтар мүдделерін қозғайтын ДСҰ мүшелерімен келіссөздер жүргізеді. Бұл ретте , барлық Тараптар ұстанымдарын үйлестіреді және тарифтерді үйлестіру кезінде кеден одақтары қолданатын ДСҰ келісімінің тиісті ережелерін басшылыққа алуға ниет б і л д і р е д і .

Кеден одағының Бірыңғай кеден тарифінің ставкалары ДСҰ келісінде көзделген жағдайларды қоспағанда, үйлестіру нәтижесінде келісілген ставкалардан аспайды.

5. Кеден одағы органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жүйелі сипаттағы міндеттемелер бойынша келіссөздерде ДСҰ-ға жаңадан қосылатын әрбір Тарап оларды реттеу бойынша өкілеттік Кеден одағы шеңберінде Тараптар Кеден одағының органдарына берген құқықтық қатынастарды және Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын халықаралық келісімдерде реттелген құқықтық

қатынастарды қозғайтын, ДСҰ-ға бірінші қосылған Тараптың міндеттемелеріне барынша сәйкес келетін міндеттемелердің көлемін қалыптастыруға талпынады. ДСҰ-ға жаңадан қосылатын Тарап келіссөздерінің нәтижесі болып табылатын мұндай міндеттемелерден принципті түрде бас тартуды Тараптар талқылауға және келісуге тиіс.

6. Осы баптың бірінші және үшінші тармақтарының ережелеріне қарамастан, ДСҰ мүшесі болып табылмайтын Тараптың Кеден одағының құқықтық жүйесі және оның органдарының шешімдері 2-бапқа сәйкес түзетуді талап ететін және/немесе егер осындай құқықтық қатынастар оның ұлттық құқықтық жүйесі шеңберінде дербес реттелетін бөлігінде ДСҰ-ға қосылған Тарап қабылдаған және Кеден одағының құқықтық жүйесінің бір бөлігіне айналған міндеттемелерді қоса алғанда, ДСҰ келісімінің ережелерінен бас тартуға құқығы бар. Мұндай бас тартуды пайдаланатын Тарап мұндай бас тартудың сипаты мен көлемі туралы Кеден одағының комиссиясына хабарлайды, ал Кеден одағының комиссиясы осы хабарламаларды жариялайды. Мұндай Тарап ДСҰ-ға қосылғаннан кейін кез келген көрсетілген бас тартуға, егер ол осындай Тараптың ДСҰ-ға қосылу шарттарында тікелей көзделсе ғана, рұқсат етіледі.

2-бап

1. Тараптар Кеден одағының құқықтық жүйесін және оның органдарының шешімдерін ДСҰ келісіміне сәйкес келтіру үшін әрбір Тараптың ДСҰ-ға қосылу шартының бірі ретінде қабылдаған міндеттемелерін қоса алғанда, Тараптардың әрқайсысының қосылуы туралы хаттамада тіркелгендей шаралар қабылдайды. Бұл шаралар қабылданғанға дейін Тараптар ДСҰ-ға қосылу шарты ретінде қабылдаған міндеттемелерін қоса алғанда, ДСҰ келісімі ережелерінің Кеден одағы шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың тиісті ережелерінен және оның органдары қабылдаған шешімдерден басымдығы болады.

2. Тараптардың ДСҰ Келісімінен туындайтын құқықтары мен міндеттемелері олар Кеден одағының құқықтық жүйесінің бір бөлігіне айналатын, Тараптың ДСҰ-ға қосылу шарты ретінде алынған міндеттемелерін қоса алғанда, Тараптардың әрқайсысының ДСҰ-ға қосылуы туралы хаттамада айқындалғандай, ЕурАзЭҚ Сотын қоса алғанда, Кеден одағы органдарының шешімімен немесе Тараптар арасында жасалған халықаралық шартпен жойылуға немесе шектелуге жатпайды.

3. Егер Кеден одағының құқықтық жүйесінің жекелеген нормалары ДСҰ келісімімен салыстырғанда неғұрлым ырықты, бірақ оған қайшы келмеген жағдайда, Тараптар Кеден одағының тиімді жұмыс етуі және халықаралық сауданы дамыту мақсаты үшін осындай нормалардың қолданылуын қамтамасыз етеді.

4. Кеден одағы шеңберінде халықаралық шарттар жасау, Кеден одағының актілерін оның органдарының қабылдауы және қолдануы кезінде Тараптар мұндай шарттар мен

актілердің ДСҰ келісіміне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

5. Осы баптың ережелері осы Шарттың 1-бабының 6-тармағында көзделген бас тарту ескеріле отырып қолданылады.

3-бап

Осы Шартты қолдану кезінде ДСҰ келісімінің кеден одақтарын құруды реттейтін ережелері қолданылады.

4-бап

Осы Шартқа ескертпелер жасауға жол берілмейді.

5-бап

Осы Шарт ратификациялауға жатады.

Осы Шарттың күшіне ену, одан шығу және оған қосылу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамада айқындалады.

2011 жылғы 19 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Шарттың түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол Кеден одағының комиссиясы болып табылады.

Депозитарий осы Шарттың расталған көшірмесін әрбір Тарапқа жібереді.

Беларусь Республикасы үшін *Қазақстан Республикасы* үшін *Ресей Федерациясы* үшін

Осымен 2011 жылғы 19 мамырда Минск қаласында
Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасының Премьер-Министрінің
Орынбасары С.Н.Румас;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары Ө.Е.Шөкеев;

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерация Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасары И.И.Шувалов қол қойған Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарт мәтінінің толық және дәлме-дәл данасы екенін растаймын.

Түпнұсқа данасы Кеден Одағы Комиссиясында сақталады.

Барлығы 5 парақ тігілді,
қолмен және мөрмен бекітілді

К е д е н О д а ғ ы К о м и с с и я с ы
Х а т ш ы л ы ғ ы Қ ұ қ ы қ т ы қ д е п а р т а м е н т і

директордың орынбасары

М.И.Халимов

2011 жылғы 19 мамырда Минскіде жасалған Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарттың мемлекеттік тілдегі аудармасы дұрыс екендігін растаймын.

Вице-министр

Т. Сүлейменов

2011 жылғы 19 қыркүйек

2011 жылғы 19 мамырда Минск қаласында жасалған Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарттың куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ к ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Н. Сәкенов